

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 29 қаңтар N 286-ІІ. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.04.24. N 548 Заңымен.(Z040548)

Осы Заң республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың негізгі принциптерін, үлгілері мен стандарттарын, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі - Есеп комитеті), мәслихаттардың тексеру комиссияларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдардың, әкімдер уәкілдік берген мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінің ұйымдастырылуы мен қызметтерінің негіздерін айқындайды, сондай-ақ олар мен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау объектілері арасындағы қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыртқы бақылау - Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджетті және жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттерді атқаруын бақылау, мұны оларға қатынасы жөнінен тәуелсіз мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары жүзеге асырады;

2) ішкі бақылау - республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын бақылау;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау - бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарына сәйкестігін тексеру, талдау және бағалау, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылау республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерге қаражаттың толық және уақтылы түсуін бақылау;

4) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын нысаналы пайдаланбау - мемлекеттік мекемелердің республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың), сондай-ақ шығыстардың экономикалық жіктемесінің мақсатына сай келмейтін мақсаттарға пайдалануы; жеке және заңды тұлғалардың

республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты мемлекеттік мекемелермен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелердің, оның ішінде кредит шарттарының талаптарына сай келмейтін мақсаттарға пайдалануы;

5) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын тиімсіз пайдалану - республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаражаттың бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген мақсаттарға жеткізбей ж ұ м с а л у ы ;

6) бақылау объектілері - республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар, республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер, республикалық және жергілікті бюджеттерден мемлекеттік тапсырысты орындауға субсидиялар, кредиттер, мемлекет кепілдік берген заемдар түрінде қаражат алатын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ өздері республикалық және жергілікті бюджеттерге қаражаттың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етуі бөлігінде мемлекеттік о р г а н д а р ;

7) ішкі бақылау қызметі - мемлекеттік орган мен оның бөлімшелерінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органның бөлімшесі;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар - Қазақстан Республикасының республикалық немесе республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н д а р ы ;

9) әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган - жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын а т қ а р у ш ы о р г а н ;

10) қаржылық есептілік - мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, оның нысандары мен көлемдерін уәкілетті орган айқындайды.

2-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға, мәслихаттардың тексеру комиссияларына, жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2-тарау. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

4-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау үлгілері

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау кезінде бақылаудың мынадай үлгілері пайдаланылады:

- 1) сәйкестікті бақылау - бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалау;
- 2) қаржылық есептілікті бақылау - бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауы мен беруінің дұрыстығын, негізділігін және уақтылылығын бағалау;
- 3) тиімділікті бақылау - бақылау объектісінің бюджеттік бағдарламаны оның паспортына сәйкес атқаруын бағалау.

5-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың принциптері мен стандарттары

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау-жасау құпиялылық режимі мен кәсіби әдептің қамтамасыз етілуі ескеріле отырып, тәуелсіздік, объективтілік, дұрыстық, құзыреттілік, жариялылық принциптері міндетті түрде сақталып жүзеге асырылады.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау стандарттары республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың бірыңғай талаптарын белгілейтін нормативтік құжаттар болып табылады.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылау стандарттарын Есеп комитеті әзірлейді және бекітеді.

4. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылау мен республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау стандарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган әзірлейді және Есеп комитеті бекітеді.

6-бап. Бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар қабылдайтын актілер

Бақылау нәтижелері бойынша оны жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мынадай актілерді қабылдауға құқылы:

- 1) қорытынды - Есеп комитетінің бақылау нәтижелері бойынша құжаты;

2) Есеп комитетінің қаулысы - Есеп комитетінің отырысында қабылданған нормативтік құқықтық акт. Қаулыны қабылдау тәртібі Есеп комитеті туралы ережемен регламенттеледі. Есеп комитетінің қаулысы оның бақылау нәтижелері жөніндегі басқа да барлық актілерінің қолданылуын растайды.

Есеп комитетінің қаулысын ол жолданған барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың орындауы міндетті;

3) ұсыныс - Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға; Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауапқа тарту мәселелері бойынша құқық қорғау органдары мен соттарға жіберетін құжаты;

4) мәслихаттың бақылау нәтижелері бойынша шешімі мәслихаттың тексеру комиссиясының бақылау жүргізуінің қаралған немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар, әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган, табыс еткен актілері бойынша шешім бекітілетін құжат;

5) нұсқама - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органның басшысы, әкім уәкілдік берген мемлекеттік органның басшысы өздерінің құзыреті шегінде қабылдаған және ұйымдардың лауазымды адамдарына міндетті түрде орындау үшін жіберілген, жұмыстағы жолсыздықтар мен кемшіліктерді жою туралы белгіленген нысандағы құжат;

6) бақылау жүргізу актісі - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган, мәслихаттың тексеру комиссиясы, әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган, мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі жүргізген бақылаудың нәтижелері бойынша жасалған құжат.

3-тарау. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АТҚАРЫЛУЫН СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

7-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың мемлекеттік органдары

Республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган Есеп комитеті болып табылады. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары болып табылады.

8-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың мемлекеттік органдарының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады және есеп береді.

2. Есеп комитетінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен белгіленеді.

Есеп комитеті туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Есеп комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы тоқсан сайынғы ақпаратты табыс етіп отырады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуын, оның кірісіне салық және басқа да міндетті төлемдердің толық әрі уақтылы түсуін, бюджет қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылуын талдауға, бақылаудың қорытындылары мен нәтижелеріне байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын, сондай-ақ басқа да жекелеген тапсырмаларын орындайды;

3) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей табыс етіп отырады, ол өзінің мазмұны жағынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөніндегі қорытынды болып табылады және Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар табыс еткен бақылау жүргізу актілерін талдайды және республикалық бюджеттің атқарылуын осы органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар береді;

5) республикалық бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

4. Есеп комитеті:

1) республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын; республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атқарылуын және кредиттердің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заемдардың нысаналы пайдаланылуын; мемлекеттік органдардың республикалық бюджетке қаражаттың; республикалық бюджеттен мемлекеттің міндеттемелерін жабуға берілген қаражаттың толық және уақтылы түсуін олардың қамтамасыз ету

бөлігіндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметінен және бақылау объектілерінен республикалық бюджет қаражатының толық түсуі мен пайдаланылуына қатысты мәселелер бойынша қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратуға және алуға;

5) бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен мақсатқа лайықтылығына баға беруге;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бақылау объектілерінің банк шоттары бойынша республикалық бюджет қаражатының түсуі, аударылуы, сондай-ақ нысаналы пайдаланылуы бөлігінде банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды тексерудің қорытындылары туралы мәліметтерді сұратуға және алуға;

7) республикалық бюджеттің атқарылуы мәселелері бойынша бақылау объектілері лауазымды адамдарының есептерін тыңдауға;

8) Есеп комитеті анықтаған бақылау объектілері лауазымды адамдарының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізуге;

9) өзі белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

10) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

11) республикалық бюджеттің атқарылуына ықпал ететін нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) мәслихаттардың тексеру комиссияларына бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті бюджеттер қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылмауын тыю мен оған жол бермеу жөнінде шаралар қолданады;

3) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

4) жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласында кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды ұйымдастырады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талаптарының бұзылуы себептеріне баға беруге;

3) өзі белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуға және алуға;

4) жергілікті бюджеттердің атқарылуындағы анықталған бұзушылық фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын тыңдауға;

5) жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

6) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне жататын құжаттармен кедергісіз танысуға;

7) жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізудің нормативтік құқықтық базасы мен әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша іс-шаралар әзірлеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

7. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) мәслихат пен әкімге, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жергілікті атқарушы органның тиісті есебі бойынша қорытынды беріп, оны кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

2) мәслихат пен әкімге бақылау нәтижелері бойынша жергілікті бюджеттің қаражатын нысаналы және тиімді пайдаланбау фактілері туралы, сондай-ақ жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі жұмыстағы кемшіліктер туралы хабарлап отырады;

3) жергілікті бюджеттің атқарылуын әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар береді;

4) Үкімет пен әкім уәкілдік берген мемлекеттік органдар табыс еткен бақылау

жүргізу актілеріне талдау жасайды;

5) жергілікті бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

8. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы мәслихаттар шешімдерінің атқарылуын; жергілікті бюджеттен берілген қаражаттың, оның ішінде кредиттердің, нысаналы пайдаланылуын; мемлекеттік органдардың жергілікті бюджетке қаражаттың толық және уақытылы түсуін олардың қамтамасыз ету бөлігіндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

2) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) жергілікті бюджеттің қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) өзі белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

5) жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге жергілікті атқарушы органдардың тиісті мамандарын тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

4-тарау. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АТҚАРЫЛУЫН ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

9-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың мемлекеттік органдары

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылау жөніндегі мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі, әкім уәкілдік берген мемлекеттік органдар және мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері болып табылады.

10-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың мемлекеттік органдарының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласындағы орталық

мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінің жұмысын үйлестіріп
о т ы р а д ы ;

2) орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар береді;

3) Есеп комитетіне бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджет қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылмауын тыю мен оған жол бермеу жөнінде шаралар қолданады;

5) республикалық бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

6) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласында кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды ұйымдастырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын; республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс үлесін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктерінде табыстың мемлекеттік үлеске және дивидендтердің акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттеріне есептелуін; республикалық бюджеттен берілген бюджет қаражатының, оның ішінде кредиттердің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заемдардың нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге а с ы р у ғ а ;

4) Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талаптарының бұзылу себептеріне баға беруге;

5) бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен мақсатқа лайықтылығына баға б е р у ғ е ;

6) мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінен жоспарлар, есептер және өзге де қажетті ақпарат алуға;

7) өзі белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша

және жазбаша түсініктемелерді сұратуға және алуға;

8) республикалық бюджеттің атқарылуындағы анықталған бұзушылық фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын тыңдауға;

9) мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге тартуға;

10) құпиялық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, республикалық бюджеттің атқарылу мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;

11) нормативтік құқықтық базаны және бақылау жүргізу әдістемесін жетілдіру мәселелері жөнінде іс-шаралар әзірлеуге;

12) акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеті иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік органдарға акционерлік қоғамдардың тексеру комиссияларының құрамына сыртқы немесе ішкі бақылаудың мемлекеттік органдарының қызметкерлерін енгізуді ұсынуға;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

3. Әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) мәслихаттың тексеру комиссиясына бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;

2) жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтерінің қызметін үйлестіреді;

3) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалануда бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының қызметінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын өзге де бұзу фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

4. Әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган:

1) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын; жергілікті бюджеттен берілген бюджет қаражатының, оның ішінде кредиттердің нысаналы пайдаланылуын; коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс үлесін жергілікті бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ кірісті шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлестерге және дивидендтерді коммуналдық меншіктегі мемлекеттік акциялар пакеттеріне есептеуге;

2) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс

бойынша алынған қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) жергілікті бюджет атқарылуының анықталған бұзушылық фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын тыңдауға;

5) бекітілген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға беруге;

6) өзі белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

7) жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

8) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

5. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылады.

Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

1) бақылау жоспарын жасайды;

2) ақпарат беру үшін ішкі бақылау жүргізу жөніндегі жоспарды: орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органға; жергілікті орган - әкім уәкілдік берген мемлекеттік органға табыс етеді;

3) ішкі бақылау жүргізу жоспарларының орындалуы жөніндегі есепті: орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органға; жергілікті орган - әкім уәкілдік берген мемлекеттік органға табыс етеді.

Жыл сайынғы есептерді табыс ету туралы талаптар мен ішкі бақылау жүргізу жоспарлары туралы ақпараттар ақпараты мемлекеттік құпияға жататын шығыстарды бақылауға байланысты жағдайларға қолданылмайды.

6. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

1) орталық атқарушы органда, оның аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында, жергілікті атқарушы органда - тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкім уәкілдік берген мемлекеттік мекемелерде, сондай-ақ олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында ішкі бақылау жүргізуге;

2) тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік

орган мен әкім уәкілдік берген мемлекеттік органның консультациясын алуға құқылы.

5-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ, ЕСЕП КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ, МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ, БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТІСІ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

11-бап. Мемлекеттік бақылау органдарының өзара іс-әрекеті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар ақпарат беру үшін Есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу жоспарларын жібереді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органдар және әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган ақпарат беру үшін мәслихаттың тексеру комиссиясына жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу жоспарларын жібереді.

3. Қажет болған жағдайда Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органмен, ал мәслихаттың тексеру комиссиясы Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органмен және әкім уәкілдік берген мемлекеттік органмен бірлесе отырып бақылау жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген тиісті мемлекеттік органдар республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізген кезде осы жұмысқа шарттық негізде және Есеп комитетімен келісім бойынша тәуелсіз жеке аудиторлық ұйымдарды тартып, аталған органдарға олардың көрсеткен қызметтеріне осы мақсатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ақы төлей алады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган және әкім уәкілдік берген мемлекеттік орган бюджет қаражатын пайдалануды бұзушылық фактілері бойынша тексеріс жүргізу туралы қылмыстық қудалау органдарының қаулылары негізінде жоспардан тыс бақылау жүргізеді.

12-бап. Есеп комитеті төрағасының, мүшелерінің және мемлекеттік бақылау органдары басшыларының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Есеп комитетінің төрағасы:

1) Есеп комитетінің қызметіне басшылық етеді, өзіне жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің алдында дербес жауапты болады;

2) кемінде тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасының Президентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы ақпарат беріп отырады;

- 3) Есеп комитеті қызметінің регламентін бекітеді;
- 4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Есеп комитетінің отырыстарында қабылданған қаулылар мен өзге де актілерге қол қояды;
- 5) республикалық және шетелдік ұйымдармен өзара қатынастарда Есеп комитетінен өкілдік етеді;
- 6) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын белгілейді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Есеп комитетінің төрағасы мен мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары алқаларының отырыстарына қатысуға;
- 2) құпиялық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;
- 3) өздері белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге және алуға құқылы.

3. Есеп комитетінің төрағасы мен мүшелері:

- 1) өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтайды, тексерілетін бақылау объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауға және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауға тиіс;
- 2) бақылау нәтижелерінің бұрмаланғаны, мемлекеттік органдарға табыс етілетін және жариялауға берілетін ақпараттың дұрыстығы, заңмен белгіленген құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органның басшысы:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органның қызметіне басшылық етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті шаралар қолдану үшін бақылаудың нәтижелері туралы ақпарат беріп отырады;
- 3) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын белгілейді;
- 4) бақылау объектілерінен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

5. Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы:

1) мәслихаттың тексеру комиссиясының қызметіне басшылық етеді, өзіне жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

2) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын белгілейді;

3) мәслихатқа тексеру комиссиясының жұмысы туралы хабарлап отырады;

4) мәслихат пен әкімге бақылаудың нәтижелері туралы хабарлап отырады;

5) жергілікті атқарушы органдардан, бақылау объектілерінен жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

6. Әкім уәкілдік берген мемлекеттік органның басшысы:

1) әкім уәкілдік берген мемлекеттік органның қызметіне басшылық етеді;

2) тиісті шаралар қолдану үшін әкімге және мәслихатқа бақылаудың нәтижелері туралы ақпарат беріп отырады;

3) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын белгілейді;

4) бақылау объектілерінен жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

7. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің басшысы:

1) мемлекеттік органның басшысына бағынады және есеп береді;

2) ішкі бақылауды жүргізуге жауапты;

3) Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылу фактілері туралы тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органның және әкім уәкілдік берген мемлекеттік органның басшыларына дереу хабарлауға міндетті.

13-бап. Бақылау объектісі лауазымды адамдарының міндеттері мен құқықтары

1. Бақылау объектісінің лауазымды адамы:

1) сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органы қызметкерін жұмыс орны мен қамтамасыз етеді;

2) сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органы қызметкерін бақылау жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті сұрау салынған барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді және оның дұрыстығы, объективтілігі және толықтығы үшін дербес жауапты болады;

3) сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органы қызметкерінің іс-әрекеттеріне араласпайды, жаңылыстыруға әрекет етпейді, бақылау жүргізуіне

кедергі жасамайды және оның ауқымын шектемейді;

4) кемшіліктерді жою жөнінде қолданылған шаралар туралы уақтылы есеп беріп отырады.

2. Бақылау объектісінің лауазымды адамы:

1) бақылаудың мақсатын, уақыты мен ұзақтығын, оның нәтижелерін, тұжырымдары мен ұсынымдарын (егер олар болса) білуге;

2) тиісінше Есеп комитетінің тапсырмасын, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік органның және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның бұйрығын мәслихаттың, мәслихат тексеру комиссиясының не мәслихат хатшысының бақылау жүргізуге берілген шешімін табыс етпеген сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органының қызметкерін бақылауға жібермеуге құқылы.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14-бап. Халықаралық байланыстар

Есеп комитеті және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган шет мемлекеттердің мемлекеттік аудит және бақылау органдарымен және халықаралық ұйымдармен байланыс жасайды, оның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасасуға құқығы бар және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы халықаралық ұйымдардың құрамына кіре алады.

15-бап. Мүдделер тартысы

1. Мүдделер тартысы - сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органы қызметкерінің объективтілігі мен тәуелсіздігін шектей алатын кез келген қызмет немесе қатынастар.

2. Мыналарға:

1) бақылау объектісі басшысының, құрылтайшысының немесе оған қатысушының жақын туыстары немесе жекжаттары болып табылатын;

2) бақылау объектісінде жеке мүліктік мүдделері бар қызметкерлердің, қатысушылардың, оның лауазымды адамдарының бірі болып табылатын;

3) тексеру кезеңінде бақылау объектісінде жұмыс істеген сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне бақылау жүргізуге тыйым салынады.

3. Мүдде тартысы туындаған жағдайда сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органының қызметкері бұл туралы бақылауды тағайындаған басшыға хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда мүдде тартысы жағдайларының туындағаны үшін толық жауапкершілік сыртқы және ішкі бақылаудың мемлекеттік органының қызметкеріне жүктеледі.

16-бап. Келіспеушіліктерді шешу

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, сондай-ақ бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

17-бап. Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті